

Керім Ш.Т.

филология ғ.д., профессор,
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан,
Алматы қ., e-mail: dr_shams2006@yahoo.com

СИРАЖ АД-ДИН АС-САККАКИ ЖӘНЕ ОНЫҢ РИТОРИКА БОЙЫНША «МИФТАХ ӘЛ-УЛУМ» АТТЫ ЕҢБЕГІ

Йусуф ибн Әби Бакр ибн Мұхаммед ибн Әли Йақуф ас-Саккаки әл-Хорезми Сираж ад-дин (555 /1160 – 627/1230) – ғалым, араб тілі, семантика, әдебиет, аруз, өлең саласының аты кеңге таралған ғұламалардың бірі.

Мақалада ас-Саккакидің өмірі, еңбектері, арабтың риторика ілімінің дамуы, оның көрнекті туралы мәлімет беріледі. Ғалым атақты «Мифтах әл-улумнің» арналған үшінші бөлімін жазуда өзіне дейінгі ғалымдардың жазылған негізгі ірі кітаптардың жетістіктеріне табан тірегені, олардың ішінен ең қажеттісін таңдап, әр жерде шашырап жатқан қағидаларды бір жерге жинақтаған. Кітап бөлімдерге бөлу, тақырыптарды үйлесімді реттеу әдісі арқылы өзіне дейінгілерден ерекшеленеді. Бұл еңбек фонетика, сөзжасамның үш бөлімі, грамматика, риторика және оның бөлімдерін қамтыған. Содан кейінгі тарауларда аруз, диалектика ілімдері жайында сөз қозғап, кітапты ұйқас жөніндегі тақырыппен аяқтайды. Жалпы бұл ғылымдардың да – барлығы араб тілін зерттеушіге аса қажетті мәліметтер, шығармашылықпен де, көркем әдеби сынмен айналысу үшін де осы салаларға жүгінеді.

Ас-Саккакидің аталмыш жұмысы араб тілі ғылымдары қағидаларын бір жерге топтастырып, бір кітапқа сыйғызып беруімен құнды болды.

Араб тілін үйреніп, оның тереңіне бойлап ұғыну, араб мәтіндерін зерттеу Құранды жетік игеруге, шариғаттың сырларын түсінуге жол ашады.

Түйін сөздер: араб тілі, «әл-Мифтах», риторика, стилистика, балаға, баян, грамматика, морфология, қағида, ереже, еңбек, кітап, имам, ғалым.

Kerim Sh.T.

Doctor of philology, professor, Nur-Mubarak Egypt for islamic culture university,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: dr_shams2006@yahoo.com

Siradge Ad-Din As-Sakkaki and His Work “Miphtakh Al-Ulum”

Yusuf ibn Abi Bakr ibn Mukhammad abn Ali Yakub as-Sakkaki al-Kharezmi Siradge ad-din (555 / 1160-627 / 1230) is a distinguished scientist of Arabic, semantics, literature, prosody and poetry.

The article discusses life and creative work of as-Sakkaki in the field of Arabic rhetoric, its formation and the development. His famous work “Miphtakh al-Ulum”, in particular, its third part was written in compliance with the most necessary achievements of previous scientists in this field, thus concentrating the scattered fundamental principles in one work up to now. The considered thesis is distinguished by the convenient division into the chapters and the correct distribution of topics. The work includes the issues of phonetics, the three sections on word formation, the grammar, and also the sections of rhetoric. The subsequent chapters discuss the prosody and dialectics problems, completing the work with a chapter on poetical rhymes. All the considered issues in the work are particular importance for the Arabic-researchers, fascinated by the creative work and art criticism.

The value of this work by as-Sakkaki also lies in the successful concentration of the Arabic linguistics principles in one work. It provides the opportunity for the deeper comprehension of the Arabic, the complete understanding of the Quran, and gives the key to the explanation of the Sharia knowledge secrets.

Key words: Arabic, «al-Miphtakh», rhetoric, stylistics, chromatic accordion, grammar, morphology, rule, work, imam, scientist.

Керим Ш.Т.

доктор филологических наук, профессор, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы, e-mail: dr_shams2006@yahoo.com

Сирадж Ад-дин Ас-Саккаки и его труд «Мифтах Аль-Улум»

Юсуф ибн Аби Бакр ибн Мухаммад абн Али Якуб ас-Сакаки аль-Харезми Сирадж ад-дин (555/1160-627/1230) – выдающийся ученый арабского языка, семантики, литературы, просодии и поэзии.

Статья повествует о жизни и творчестве ас-Саккаки в области арабской риторики, ее становлении и развитии. Его известный труд «Мифтах аль-улум», в частности его третья часть была написана с учетом самых важных достижений, сконцентрировав в одном труде до селе разбросанные основополагающие принципы. Рассматриваемый труд отличается удобным разделением на главы и правильным распределением тем. Труд включает вопросы фонетики, три раздела по словообразованию, грамматику, а также разделы риторики. В последующих главах рассматриваются вопросы просодии, диалектики, завершая труд главой о стихотворных рифмах. Все рассмотренные в труде вопросы представляют особую значимость для исследователей-арабистов, увлекающихся творчеством и художественной критикой.

Ценность данной работы ас-Саккаки также заключается в успешном сосредоточении принципов арабского языкознания в одном труде. Он дает возможность для более глубокого постижения арабского языка, полного понимания Корана и дает ключ к разгадке тайн шариатского знания.

Ключевые слова: арабский язык, «аль-Мифтах», риторика, стилистика, балага, баян, грамматика, морфологика, правило, труд, имам, ученый.

Йусуф ибн Әби Бакр ибн Мұхаммед ибн Әли Йакуф ас-Саккаки әл-Хорезми Сираж ад-дин – ғұлама ғалым, араб тілі, семантика, әдебиет, аруз, өлең саласының көшбасшысы, мутакаллим, фақиһ аты кенге таралған ардақты ғұламалардың бірі.

Ғалым 555 жылдың жумада аууал (айының) 3 күні сейсенбіде /1160 жылы 11 мамырда туған. Әл-Курашидің (696/1297 ж.қ.б.) «әл-Жауаһир әл-мудия фи табақат әл-ханафия» атты кітабында «оның имам, үлкен ғұлама, грамматика, морфология, сондай-ақ ал-маани, әл-баян, әл-аруд, аш-шир ілімдерінің терең (зерттеушісі) болғаны, «Мифтах әл-улум» (кітабын) жазғаны»/1,623/ жайлы айтылады.

Имам Шамс ад-дин Мұхаммед бин Ахмад бин Усман аз-Заһабидің (1274-1348) «Саир аалам ан-Нубалаа» атты еңбегінде толықтыра түседі: «мутакаллим, фақиһ, әр түрлі ғылым салаларының жетік білгірі, ол туралы бір ауыздан айттылатыны – өз заманының үздіктерінің бірі болған, жақсылардың ішіндегі ең жақсы он екі ілімді (жинақтаған), теңдесі жоқ «Мифтах әл-улумды» жазған» /2,10/673/.

Оқымыстының бақилық болған уақыты хақындағы мәліметтер әр түрлі: бір деректерде 623/1226, енді бірінде 626/1229, тағы бір мәліметте 627/1230 жылы дүниеден өткені айтылады. Оның қайтыс болған жері туралы бір деректерде оның өзінің туған өлкесі Хорезмде бақилық болғаны айтылса, әл-Кураши (696/1297

ж.қ.б.) өзінің шейхы Кутб ад-дин жазбаларынан ас-Саккакидің Алмалиғқа (қарасты) ауылдары бірі – Илканд (әл-Кенди) маңында қайтыс болғандығын оқығандығын келтіреді /6, III/124-125/. Жамал әл-Қаршидің айтуынша, ол 626/1228-1229 жылы Моңғол-Шағатай әулетінің астанасында (мемлекетінде) шәһидтікпен қаза тапқан /7, I/93/. Моңғолдардың жойқын шабуылдары кезінде Мәуәреннәһрде шәһидтер қатарында көз жұмғандар арасында қатарында ғалымдар да, фақиһтар да аз болмаған /8, 206/.

Ұстаздары: шейх әл-Ислам Махмуд ибн Саид әл-Хариси, Садид ибн Мұхаммед әл-Хаййати, Мұхаммед бин Әбд әл-Карим әт-Түркістани.

Шәкірті: Мухтар ибн Захиди оқымыстыдан калам ілімін оқып үйренген. Карл Брокельман «Араб әдебиетінің тарихы» атты кітабында ас-Саккакидің «әл-Идах» (Түсіндіру) атты еңбегінің бар екендігін айтса, Журжи Зейдан (1861-1914) бұл шығарманың атын «Шарх әл-Идах» («әл-Идахты» шарықтау) деп көрсеткен. К. Брокельман оқымыстының пікірталас әдеби бойынша «Муназарат» атты трактаты бар екендігін қоса кетсе, оқымысты атына телінген аталмыш трактат Германияның Мюнхень кітапханасында 685 нөмірмен сақталған. Америка Құрама Штаттарының Пристон кітапханасында ғалым атына телінген 4483 нөмірмен «Мәсала хилаф фин наху» (Грамматикадағы (пікір) қайшылығы мәселесі), Англияның Маншистор кітапханасында 372 нөмірмен астрология саласындағы «Мусхаф әз-

Зухра», Иемен астанасы Санадағы «әл-Жами әл-Кабир» кітапханасында 1614 нөмірмен «Шарх мифтах улум» атты еңбектерінің сақталғандығын айқындадық. Ал барлық сенімді дереккөздерде ас-Саккакидің «Мифтах әл-улум» атты кітабы бар екендігі ғана ауызға алынады. Олай болса, жоғарыдағы аталған еңбектер оқымыстының шын өз туындылары ма, әлде қателікпен телініп кеткен шығармалар ма, бұны анықтау арнайы зерделеуді керексінеді. III/IX ғасырдың басында риторика ғылымының негізі қаланды десек болады. Құран Кәрімді тереңдей түсіне білуге қызмет ететін бұл бағыттың негізін нығайтуға көптеген ғалымдар: тәпсіршілерден Әбу Убайда (210 ж.к.б.), ибн Қутейба (270/884 ж.к.б.), мутакаллимдерден Әбу Усман әл-Жаһиз (250/869 ж.д.ө.) және оның ұстазы Ибраһим ән-Наззам (231/845 ж.к.б.), грамматика ілімінің білгірі ибн Жинни атсалысты. Фикһ және усул фикһ негіздерінің ғалымдары да риторика ілімінің дамуына үлестерін қосып еңбек етті, олардың басында имам Шафиғи (150/768-204/820) тұрды. Ол «әл-Умм» атты еңбегінде осы салаға қатысты қағидаларды айтып өтеді.

Аталған дәуірде риториканың біршама алға басып, бұл салада шығармашылық ізденіс бір сәт те тоқтамағандығына сол кезеңде дүниеге келген салмақты туындылардың көптігін, Ибн Сәләмнің (232/846 ж.к.б.) «Табакат» кітабымен басталып, әл-Журжанидің (392/1002 ж.к.б.) «әл-Уисата» кітабына дейін өте белгілі шығармалар жазылғандығын, Ибн Қутейба, ибн Мағтар, ибн Табатба, Қудама ибн Жағфар, Әмиди және тағы басқаларды дәлел ретінде айтып өтуге болады.

Бұл жұмыстар риторика мәселелерін, сөзді көркемдеу түрлерін қарастырады, әрі аса керекті қағидаларды қалыптастырды. Бастамасын Қудама ибн Жағфар, Әбу Усман әл-Жаһиз жасап, олардың ізін Әбуһилал әл-Аскарри (395/1005 ж.к.б.) «әс-Синаһатайни: әл-китаба уә әш-шиър» (Екі өнер: жазу мен поэзия) кітабымен жалғастырды. Осы уақытта ғылымның негіздері айқындала түсті. Себебі бұл кітаптың тақырыптарында, зерттеу тәсілінде сыншылдардың кітаптарынан өзгешелейтін тұстарымен қатар кейінгі дүниеге келген еңбектерге жақындататын ерекшеліктері бар еді.

Ең алғашқы табысты нәтижеге қол жеткізген Абдулкаһир әл-Журжани (474/1078 ж.к.б.) өзінің «Дәләил иджаз» (Теңдессіздіктің дәлелдері), «Асрар әл-балаға» (Шешендіктің сырлары) атты екі кітабы арқылы риторика ілімі білгірлерінің лайықты көшбасшысына айналды. Бұл екі туындының артықшылықтарын санамалап

өтудің өзі көп орын алатындықтан, тек осы құнды шығарманың ас-Саккакидің «Мифтах әл-улумның» риторикаға арналған үшінші бөлімін жазуда осы еңбектерді негізге алғанын айтып өтумен ғана шектелеміз. Ас-Саккаки имам Фахр ад-дин ар-Разидің (544/1150 –606/1210) «ниһаят әл-ижаз уа дираят әл-иғжаз фи улум әл-балаға уа баян –иғжаз л-әл-Куран аш-шариф» атты жоғарыдағы айтылған екі кітапты ықшамдап жазған нұсқасын пайдаланды. Оқымысты «әл-Мифтахта» өзіне дейінгі арабтың мәшһүр тілшілері мен әдебиет сыншыларын, ас-Сибәуейһи (136-139/753-756 жылдар шамасында қ.б.), аз-Замахшари (467/1075-538/1144) сынды ірі филологтарға жүгінеді.

Осы тақырыпта қалам тартқан мұсылман әлемінің шығыстық ғалымдарымен қатар батыс аймақтан шыққандар қалыспай еңбек етті. Олардан әл-Журжанидің замандастары «әл-Умада» авторы ибн Рашиқ ал-Қайрауниді (456/1064 ж.к.б.) және «Сирр әл-фасаха» авторы ибн Синан әл-Хафаджиді, ас-Саккакидің замандасы, «әл-Мәсәл ас-саир фи әдәб әл-кәтиб уа аш-шағир», «әл-Жамиғ әл-кабир» кітаптарының авторы ибн Әсир әл-Жазариді (637/1241 ж.к.б.) айтсақ да болады.

Ас-Саккаки айтылмыш жұмысында әл-Журжанидің жетістіктеріне сүйенумен ғана тоқталмады. Оқымыстының ой-тұжырымдарын одан әрі жетілдіріп, түрлерге берілген анықтамалардың ара-жігін ажыратып, риторика негіздерінің қағидаларын жасап, оның мәселелерді жүйеге келтіру, реттеу арқылы салмақты ғылымға айналдырады. Кітапты зер сала оқыған адам еңбекке диалектика және болжамдар қосқандығын байқамай қалмайды.

Ибн Халдун (732/1332-808/1406) “әл-Мукаддимасында”: “*Бұл сала (стилистика) жайлап толыға берді, ал ас-Саккаки оның мән-маңызын күшейтіп, жеке мәселелерінің (атауларын) жөндеді, тарауларын қазіргі айтып жүргеніміздей тәртіпке келтірді. Синтаксис, флекция мен баянға арналған “әл-Мифтах” атты кітабын жазды. Айтылмыш саланы оның бір бөліміне айналдырды, кейінгілер осы кітапты пайдаланып, күні бүгінге дейін қолданылып жүрген негізгілерін алып құрастырған*” /3, 375/ – деп бағалаған.

Ас-Саккакидің еңбегі алдыңғылардан толығырақ болды. Негізгі кітаптарда әр жерде шашылып жүрген *балағаның* қағидаларын рет-ретімен топтастырып, бөлімдер бойынша жіктеп, *баян* өнерін саралады. Ғалымның философия мен логиканы көп оқып, шұғылдануы, жетік білуі оның

жазу машығына да ықпалын тигізгендіктен көп жағдайда осы саланы терең білмегендерге түсіну қиынға соқты. Ол логика ілімін бағдарда ұстағандықтан басы артық сөзге ұрынбай, дәлме-дәл, нақты баяндау тәсілін қолданып, көп мәселені қамтыған.

Ас-Саккаки бастапқы кезде философиямен шұғылданып, кейін араб филологиясына қатысты ғылымдарын байыпты саралауға біржолата кіріскен еді. Өзіне дейінгі ғалымдардың еңбектерін парақтап, сүзгіден өткізумен көп жылдық тер төгуден соң «Мифтах әл-улум» кітабын жазып шығады. Өзінің осы еңбегін қолға алуға себеп болған жағдай хақында: *«Заманымның кемеңгер тұлғаларын көрдім. Олар менен ұзақ уақыт бойы ықшамдалған, қысқаша нұсқасын құрастыруымды және оның жазылу стилі әрбір саналы адам түсіне алатындай болуын өтінді. Бұны құрастырдым және кімде-кім оны толық бойына сіңіріп, меңгерген болса, сол адамға барлық ғылыми талаптарды кепіл еттім. Осылайша кітапты «Мифтах әл-улум» (Ілімдер кілті) деп атадым»* /4,7/ – дейді.

Ас-Саккаки өзіне дейінгі ғалымдардың жазылған негізгі ірі кітаптардың жетістіктеріне табан тіреді. Олардың ішінен ең қажеттісін таңдап, әр жерде шашырап жатқан қағидаларды бір жерге жинақтады. Кітап бөлімдерге бөлу, тақырыптарды үйлесімді реттеу әдісі арқылы өзіне дейінгілерден ерекшеленеді. Бұл еңбек фонетика, сөзжасамның үш бөлімі, грамматика, риторика және оның бөлімдерін қамтыған. Содан кейінгі тарауларда аруз, диалектика ілімдері жайында сөз қозғап, кітапты ұйқас жөніндегі тақырыппен аяқтайды. Жалпы бұл ғылымдардың да – барлығы араб тілін зерттеушіге аса қажетті мәліметтер, шығармашылықпен де, көркем әдеби сынмен айналысу үшін де осы салаларға жүгінеді.

Ас-Саккакидің аталмыш жұмысы араб тілі ғылымдары қағидаларын бір жерге топтастырып, бір кітапқа сиғызып беруімен құнды болды.

Араб тілін үйреніп, оның тереңіне бойлап ұғыну, араб мәтіндерін зерттеу Алла Тағаланың кітабын жетік игеруге, шарифаттың сырларын түсінуге жол ашады.

Ас-Саккаки риторика мен стилистиканың тікелей грамматикамен байланысты екенін дұрыс байқады, сол себепті еңбегінің алғашқы екі бөлімінде морфология мен синтаксис, фонетика мен орфоэпия мәселелерін қозғап, ал стилистика мен поэтика мәселелерін соңғы үшінші бөлімде ғана баян етті.

Ғалым: *«Мен бұл кітабымда тіл түрлеріне тоқталмай, өзім қажет деп тапқан әдебиет*

түрлерін жинақтадым. Осы орайда, әдебиеттің бірнеше түрі алынды. Оған сарф (морфология) ілімін толықтай қостым. Бұнымен бірге, сөзжасам ілімін үш тармағымен бірге алдым да, оны (бетпердесін шештім – сөзбе-сөз аударма) айқындап, түсіндірдім. Стилистика, риторикамен бірге наху (синтаксис) ілімін де түгелдей кіргіздім. Стилистика мен риториканы қозғазғанымда Алланың қалауымен дегеніме қол жеткіздім және риториканы шектеп және ой қорытумен толықтырдым да, осы екеуінен бас тартуды жөн көрмедім. Риторика мен стилистика ілімдеріне жаттығу, проза мен поэзияға жаттығу үшін тоқтап тұрған кезде, поэзияға машықтанып жүрген бір адамның ұйқас пен метрика ілімдерін қажетсінгенін көрдім. Сол себептен осы екеуін де біріктірдім.

Осының барлығын ретке келтіріп болған соң ғана кітабыма қостым. Тиісінше ажыратып, сөзді мүмкіндігінше ықшамдадым және әрқайсысына лайық негіз салдым да, сәйкес дәлелдер келтірдім. Ертедегілердің – Алла олардың рухтарын шат-шадыман етсін (сәләф әс-сәлих) – кездесіп отырған ойларын, мүмкіндігінше болжап-пішіп алдым. Зерттеулердің түрлеріне нұсқаулардан, олардың тартымды ерекшеліктерін айқындаудан белгілі болғандай, «ертедегілер» кезінде бұған аз көңіл бөлінген.

Ал, мінекей, мен немқұрайлы зерттеулерді егжей-тегжейлі қарастырып, қиын тұстарына шарх жасап, керек болған жерлеріне мағлұматтарды қосып жатырмын. Бұның барлығын жасап жатқан себебім – қараңғы қабірімде жатқанда маған жететін дұға қылар деген үміттемін.

Әдебиет іліміне кірісуімнің себебі: кейбір мәселелерге, терминдерге тоқталғым келді. Ал ол еңбегім қазір алдыңызда аяқталған күйінде тұр. Егер оған кіріссеңіз, бұл ісіңіз сізді араб тілінде қателесуден абайлауға, салмақты іс-әрекетке жетелейді. Әсіресе, егер ешқашан жалған болмайтын Алла Тағаланың кәләмінің мағынасын түсінуді қатты қалағаныңыз қызығушылығыңызға айналса, онда алған бетіңізден қайтпауыңыз керек. Осы орайда, сіздің қасыңызда болмасам да тіл мен синтаксисті үйренгенде мен жаныңызда жүргендей боламын. Сіздің қиялыңыз даму заманында жалған ақпаратты естігендей болғанымен, оны растайтын нәрсе жоқ. Олай болса, әдебиет ілімімен айналысқан адамға арнап қалдырған бұл еңбегімізде керек жерлеріне нұсқаулықтар беріп, түсіндіріп өттік. Соларға сай ой жүгіртсеңіз, қиыншылықтар туындамауы керек.

Түсінгенім – әңгіменің өзегі зерттеу көзі мен парасаттылықтың шыңынан екен...

Кітапты үш бөлімге бөлдім:

Бірінші бөлім: морфология ілімі жайлы;

Екінші бөлім: синтаксис ілімі жайлы;

Үшінші бөлім: риторика және стилистика ілімдері жайлы.

Менен бұны талап еткен жәйт – әдебиет ілімінің әуел бастағы мақсаты, яғни арабтардың сөзінде қателерге абайлау болу еді. Мен осы мақсатқа қол жеткізгім келді әрі сіз де білесіз, игерілуі мүмкін ілім, оны қалай алу және қолдану керектігін білсеңіз ғана келеді. Діптегеніңізге жетуіңізде біз төрт түрін келтіріп, оларды басқа түрлермен толықтырғанымызда тұрған ештеңе жоқ. Бұдан кейінгісі: қолыңызбен қолдану, расында бұл қолданылмайды. Қате себептері ашып қарасаңыз үшеу: жеке, құрастыру, айтылуы керек тіркеске сай құрылуы.

Бұл түрлерге лингвистикадан кейін сүйініледі. Морфология мен синтаксис ілімдеріне жеке және құрастыру кезінде жүгініледі. Ал риторика мен стилистика ілімдеріне ең соңында ғана оралады. Морфология ілімі жеке кезде дереккөз болғанда, синтаксис ілімі оған қарама-қарсы болады. Сіз де білесіз, құрастыруға жеке алғашқы кезекте болып табылады. Құрастырушының мағынаға сай болуы бұл жинақта кейін берілді. Бұны келтіру ештеңе етпейді.

Алғашқы тараудың өзі үшке бөлінеді:

Біріншісі – морфология ілімінің ақиқаттығын жеткізу жайлы;

екіншісі – оған жету жолы;

үшіншісі – құрылымын мақсатқа байланысты жеткілікті етіп түсіндіру.

Бұларға кіріспей тұрып, біздің айтып отырған әңгімемізді бекіту үшін, сөздің мағынасы мен түрлерін есімізге түсіріп көрелік.

Сөз дегеніміз – жеке мағынаны білдіру үшін қолданылатын бірлік. Жеке мағына деп әріптердің бірігіп келіп бір мағына беруі айтылады. Бұдан кейін, егер мағына тәуелсіз болса және үш уақыттың біреуінде тұрмаса, мысалы: білім, надандық – есім сөз деп аталады, ал үш уақыттың біреуінде тұрса: білді, білмеді – онда ол етістік деп аталады. Ал егер де жеке тұрып еш мағына бермесе: ішінен, туралы – ол харф (көмекші сөз) деп аталады. Бұны еске түсірген болсақ, бірінші бөлімді бастап, түсіндірейік” /4,5-9/ – деп жазған.

Ас-Саккаки «балаға», «фасаха», «ғараба», «маана», «баян» термин-ұғымдарына анықтама берді, осы анықтамаларында өз алдындағы ізашар ғалымдардың ой-пікірлеріне иек артумен

бірге, олардың тұжырымдарын ұштап, айқындай түсті. Арабтану іліміндегі «балаға» – риторика, яғни сөзді көркемдеудің барлық қағидалары мен әдіс-құралдары, сөз қолданыста түр мен мағына сақтаудағы айқындық үшін грамматикалық ережелерді сақтау болса, «фасиха» – сөз саптауда грамматикалық қағидастар мен фонетикалық ережелерді бұзбау.

Ас-Саккаки де Құранның көркемдігіндегі адам мүмкіндігінен тыс ғажайыптығына, оны қайталаудың қолдан келмейтіндігіне, әрі сипаттауға сөз жетпейтіндігіне, мән-маңызының теңдессіздігіне “муижиза” ретінде тоқталады. Жалпы араб риторика ілімінің қалыптасуы мен даму жолында Құранның көркемдігіндегі кереметтікке таңданыс білдіріп, оның кәміл қасиетін илиһи себептермен түсіндіру өріс алды. Бұл мәселеге ғұлама ас-Саккаки төрт қырынан қарауға болатынын айтқан: риторика пәнінің қос қайнар көзі саналатын «баян» мен «мағани» жағынан және ой ұшқырлығы мен сөз шешендігі тұрғысынан зерделеу, риторика тұрғысынан саралау дегеніміз – метафора, метонимия және соған қатысты контекст, «тарших», «тағрид» жағынан қарастыру деп санаған.

Ол сөздерді шартты және міндетті түрде немесе ақыл-оймен берілетін белгілері бар деп біледі. Сөйтіп көркем, шешен сөйлеу шартты белгісіне негізделуі дұрыс емес, шартты белгі сөздерді тек сырттай киіндіреді, әшекейледі деп түйіндейді. Ғалым бейнелегіш тәсілге теңеу, ауыспалы мағына, метонимияны кіргізеді.

Ас-Саккаки теңеудің белгісін жалқы және жалқы емес деп екіге бөледі. Жалқы түрі сезімге байланысты немесе ақыл-ойға байланысты деп саралайды. Оқымысты теңеудің предметі, яғни теңелетін жағы (мушаббаһ), ал образды жағы (мушаббаһ би) оның күйін кескіндейтін, мүмкіншілігін айшықтайтын, әсемдеп көрсететін немесе тұрпайы етіп суреттейтін өте маңызды қырына тоқталады.

Ас-Саккакидің тұсында риторика пәні бойынша ілім кемеліне жетті, енді бұл сала бойынша ізденістер толастап, тек танымал еңбектерді ықшамдау мен шархтау, сондай-ақ қысқартылған кітаптарды түсіндіру, кеңейту кезеңі басталды. «Әл-Мифтахқа» арналған алғашқы шархты Мулла Хисам ад-дин әл-Муаззини 642/1244 жылы жазып бітірген. Ас-Саккакидің аса мәшһүр еңбегінің, әсіресе, стилистика мен поэтикаға арналған үшінші бөлімін шархтаған ғалымдар көп болды. Бұлардың ең алғашқылары – Кутб ад-дин Махмуд аш-Ширази (710/1310 ж.к.б.), Саад ад-дин Масуд ибн Умар ат-Тафтаза-

ни (722/1322-789/1389), ас-Сайид аш-Шариф Әли ибн Мұхаммед әл-Журжани (816/1413 ж.к.б.), Шамс ад-дин әл-Муиззи, аш-Ширази, Насир ад-дин ат-Тирмизи, низам ад-дин Хасан ибн әл-Арадж ан-нисабури, Хусам ад-дин әл-Кани (757/1358 ж.к.б.), т.б.

«Әл-Мифтахты» ықшамдап, жалпы оқырманға, мамандардың оқып, ұғынуына жеңілдетіп ұсынған әл-Хатиб әл-Қазуинидің (739/1338 ж.к.б.) «Талхис әл-Мифтах фи ими әл-балаға» кітабы кең таралып, беделге иеленді, сандаған түсіндірме жұмыстардың арқауына айналды. Әл-Хатиб әл-Қазуинидің айтылмыш кітабын үлкен көлемде егжей-тегжейлі түсіндірген Саад ад-дин ат-Тафтазанидің (791/1390 ж.к.б.) «әл-Мутаууал» кітабы шарх еңбектердің ішінде кең қолданысқа

түсіп, белгілі болған. Сосын бұл кезеңді әс-Саид әл-Журжани (816/1413 ж. қ.б.) жалғастырды.

«Әл-Мифтихқа» түсіндірме жасаған ғалымдардың бірі – Ибн Камал паша (940/1533 ж.к.б.) ас-Саккакиді ханафи ғұламаларының арасынан оза шауып, мүжтаһид деңгейіне көтерілгендер қатарына қосты.

Осы ғалымдардан кейінгі зерттеу жұмыстарының дені ықшамдалған кітаптарды қайта қарап, жаңадан түсіндірумен шектелді. Бұл бағыттағы ізденістердің дені дерлік әл-Хатиб әл-Қазуинидің (739/1338 ж.к.б.) «Талхис әл-Мифтах фи ими әл-балаға» кітаб «Талхис әл-Мифтах фи ими әл-балағаны» қысқартып, не түсіндіріп, шархтарына хашия жазып қайта ұсынумен қанағаттанды.

Әдебиеттер

Абд әл-Қадр бин Мухаммад бин Насруллаһ әл-Кураши. Әл-Жауаһир әл-Мудаи фи табақат әл-ханафия. Хайдарабад.1332/1913.

Мухаммад бин Ахмад бин Усман әз-Заһаби. Сайир алам ан-нубали.1422/2004.

Абдрахман бин Халдун.1425/2004.

Имам Сираж ил миллат уа дин ас-Саккаки. Мифтах әл-Улум. Бейрут-Лубнан,1403/1983.

Мустафа ибн Абд Аллах Хажжи Халифа. Кашф аз-зунун ан-асами ал-кутуб уа-л-фунун. Макка Мукарама.

История Казахстана в арабских источниках. III том. Извлечения из сочинений XII- XVI веков. – Алматы, 2006.

История Казахстана в персидских источниках. I, II том. – Алматы, 2005.

Муминов А.К. Ханафитский мазхаб в истории Центральной Азии. – Алматы, 2015.

Фильштинский И.М. История арабской литературы. X-XVIII. – М., 1991.

Кулиева М.Г. «Мифтах Ал-Улум» Сираджаддина Ас-Саккаки – ценный источник по теории литературы востока//проблемы востоковедения. 2015/4 (70)

عنوان الكتاب: الجواهر المضوية في طبقات الحنفية المؤلف: عيد القادر بن محمد بن نصر الله القرشي أبو محمد محيي الدين الحنفي الناشر: دار المعارف النظامية - حيدر آباد سنة النشر 1332 هـ:

سير أعلام النبلاء محمد بن أحمد بن عثمان الذهبي مؤسسة الرسالة سنة النشر 1422 هـ: 2001 / م مقدمة

ابن خلدون المؤلف عبد الرحمن بن خلدون الطبعة الاولى تاريخ الطبع 1425 هـ-2004م

مفتاح العلوم للإمام سراج الملة والدين أبي يعقوب يوسف ابن أبي بكر محمد بن علي السكاكي المتوفى سنة 626 رحمه الله وأتابه فوق متمناه ضبطه و كتب

هوامشه وعلق عليه نعيم زرزور دبلوم الدراسات العليا في اللغة العربية وادابها- دار الكتب العلمية بيروت-لبنان الطبعة الاولى 1403-1983م الطبعة الثانية 1407-هـ

1987م

كشف الظنون عن أسامي الكتب والفنون، لمصطفى بن عبد الله القسطنطي لالرومي الشهير بالملا كاتب الجلي، المعروف بحاجي خليفة، (1017) 1067 هـ- (،) دار

الفكر، المكتبة الفيضانية بمكة المكرمة

References

Abd al-Kadr bin Muhammad bin Nasrullah al-Kurashi. Al-Zhauahir al-Mudai fi tabakat al-hanafiya. Haidarabad. 1332/1913.

Muhammad bin Ahmad bin Usman az-Zahabi. Saiir alam an-nubali. 1422/2004

Abdurahman bin Haldun. 1425/2004

Imam Siraj il millat ua din as-Sakkaki. Miftah al-Ulum. Beirut-Lubnan, 1403/1983.

Mustafa ibn Abd Allah Haji Halifa. Kashf az-zunun an-asami al-kutub ua-l-funun. Makka Mukarama.

Istoriya Kazahstana v arabskih istochnikah. III tom. Izvlecheniya iz sochinenio XII- XVI vekov. A., 2006.

Istoriya Kazahstana v persidskih istochnikah. I; II tom Almaty. 2005.

Muminov A.K. Hanafitskii mazhab v istorii Centralnoi Azii. – Almaty, 2015.

Filshinskii I.M. Istoriya arabskoi literatury. X-XVIII. Moskva. 1991.

M.G.Kulieva. «Miftah al-ulum» Sirajaddina as-Sakkaki – Cennyi istochnik po teorii literatury vostoka// problem vostokovedeniya. 2015/4 (70)

Gunuanu al-kitab: al-Zhauahir al-mudiya fi tabakati al-hanafiya. Abdu al-Kadir bin Muhammad bin Nasr Alla al-Kurashi abu Muhammad muhii ad-Din al-hanafi: Daru al-magarif an-Nazzamiya – Haidar Abad. 1322.

Siaru aglamu an-nubala. Muhammad bin Ahmad bin Usman az-Zahabi. Muassasatu ar-risala. 1422/2001.

Ibn Haldun. Abdurrahman bin Haldun. Tabgatu al-ula. 1425/2004.

Miftah al-ulum lil-imam Siraj al-milla ua ad-Din abi Iagkub Iusuf ibn abi Bakr Muhammad bin Ali as-Sakkaki. 1403/1983.

Kashfu az-Zunun gan asami al-kutub ua al-funun. Mustafa bin Abdulla Haji Halifa. Daru al-fikr. Makka al-Mukarrama.

1067.